



Автор: Баймурзина Балзада

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті



Сынып: 7-сынып

Бөлім: Жердегі климаттық өзгерістер


Тақырып: Д.Дефо "Робинзон Крузо" романы (үзінді)

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.Т2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау. 7.А6. Кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау. 7.ТБ2. Жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы орындай алады: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ақпараттың өзектілігін анықтайды. Оқушылардың көбі орындай алады: Жердегі климаттық өзгерістер туралы сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді айтады Кейбір оқушылар орындай алады: Белгілер арқылы ақпараттарды сипаттап әңгімелейді.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі терминдер мен сөзтіркестері: Кеме, ғажап оқиға, теңізді сүюші, арал, басты кейіпкер, матрос, жылқының жарты бағасы, кітаптың құны. Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл: Робинзон кім болған? Ол қайда тұрды?
Күтілетін нәтиже:	шығарма мазмұнын түсінеді, қиындықтан жол табуға үйренеді
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді.• Ақпараттың өзектілігін анықтайды.• Органайзерлер бойынша берілген ақпараттарды сипаттап әңгімелейді.• Сөздер мен сөз тіркестерін айтады, сөйлемдер құрастырады.
Құндылықтарды дарыту:	Еңбекқорлық, төзімділік, қиындықтан жол табу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация бойынша жұмыстар
Пәнаралық байланыс:	География, Тіршілік көздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
Бастапқы білім:	"Робинзон Крузо" фильмін көргендері туралы «Уақыт – ұлы күш» эссесі «Автор орындығы» стратегиясы бойынша тексеріледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сәлемдесу. Ынмақтастық атмосферасын құру. Ынтымақтастық атмосферасын құру үшін оқушылар ортаға шығып бір – бірінің қолын ұстап, бір – біріне сәттілік тілейді. Қайырлы күн, достым, Қуанышты күн болсын. Бүгінгі күніміз Сәттілікке толы болсын! Топқа бөлу. «Пазл жинау» Екі топқа бөлінеді. I топ КЕМЕ пазлын жинайды. II топ ПАЛЬМА ағашының пазлын жинайды.	пазл қималары  

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p>I.Ой шақыру. Ұ.Жердегі климаттық өзгерістер тақырыбын ашу үшін оқушылар табиғат құбылыстарының әртүрлі дыбыстарын тыңдайды. Тыңдай отырып дәптерлеріне ненің дыбысын естігендерін жазып отырады. Жауынның дыбысы. Желдің дыбысы. Судың дыбысы. Жетек сұрақтар арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашып аламын. 1. Қандай сөздер жаздыңдар? 2. Естіген дыбыстарың қандай тақырыпқа жатады? 3. Бүгінгі сабағымыз не туралы немесе кім туралы болуы мүмкін? II. Мағынаны тану.Қалыптастырушы бағалау. (Смайликтер таратылып беріледі) МК.Презентация бойынша Д. Дефоның «Робинзон Крузо» романы, басты кейіпкері туралы ақпаратпен танысады. Жинаған пазлдары бойынша суреттің жаңа сабаққа қаншалықты қатысы бар екенін оқушылар айтады. Кеме - Робинзонның теңіздегі көлігі. Пальма ағашы – Робинзон жалғыз қалған аралдағы тропикалық ағаш. Т. «Джигсо» стратегиясы. Топта әрқайсысы өз бетімен оқиды, топта талқылайды. Содан кейін әр топтан бір оқушы келесі топқа барып мәтіннің мазмұнын әңгімелейді. I топ мәтіннің бірінші абзацын оқиды. 1719 жылы Лондонның әдебиет әлемінде бір ғажап оқиға болды: дүкендерге Даниель Дефоның «Робинзонның өмірі және таңғажайып хикаялары» атты романы түсті. Кітаптың құны ер адамның костюмі немесе жылқының жарты бағасымен бірдей болса да, оны тез арада сатып алды. Сол кезден үш ғасыр өтсе де, Робинзонның тарихы әлі күнге дейін оқырмандарды қызықтырады. Ал Робинзонның таңғажайып тарихының реальдық деректі негізі бар екенін көп адамдар біле бермейді. II топ мәтіннің екінші абзацын оқиды. Даниель Дефоның ең жақсы романының жазылуына себеп болған шотландық моряк Александр Селькирктің өмірінде болған оқиға.Жастайынан теңізді сүюші Александр Силькирк қарақшылардың кемелерінде матрос болып жүрген. 1704 жылықазан айында Селькирк капитанмен ұрысып, Мас – а-Тьеррааралындақалады. Сол аралда Селькирк 4 жыл 4 ай тұруға мәжбүр болады. Дефоның кейіпкері аралда 28 жыл өмір сүрді. Ж. «Әріптестер» стратегиясы Әр оқушыға мәтін бойынша не жауабы бар, не сұрағы бар қағаз беріледі. Оқушылар сынып ішінде алмасып, сәйкес сұрақ пен жауапты іздейді. Даниель Дефо кім? Даниель Дефо - ағылшын жазушысы. «Робинзон Крузо» романы қашан шықты? «Робинзон Крузо» романы 1719 жылы жарық көрді Романның жазылуына себеп болған адам кім? Романның жазылуына себеп болған шотландық моряк Александр Силькирк. Александр аралда қанша жыл өмір сүрді? Александр аралда 4 жыл 4 ай тұрды. Дефоның кейіпкері аралда қанша жыл тұрды? Дефоның кейіпкері аралда 28 жыл өмір сүрді. Кітаптың құны қанша болды? Кітаптың құны ер адамның костюмі немесе жылқының жарты бағасымен бірдей болды.</p> <p>Т. «Дара диаграмма»I топ II топ«Коллаж әңгіме» Сериялы суреттерді ретімен, қойып әңгімелеу. (постерге жабыстыру)</p> <p>Т. «Коллаж әңгіме» Сериялы суреттерді ретімен, қойып әңгімелеу. (постерге жабыстыру) I топ. Қазіргі уақыттағы табиғат апаттарынан сюжетті суреттер II топ. «Робинзон Крузо» романынан. Қазіргі заман адамы қандай?</p> <p>ОТ. Берілген сөйлемдерге салалас құрмалас сөйлемнің тиісті шылауын қойып жазыңдар.</p> <p>Д. Дефо – ағылшын жазушысы «Робинзон Крузо» романын жазған. бірақ Александр шотландық моряк, ол аралда 28 жыл өмір сүрді. және</p> <p>Суға түскенде абай бол қауіпсіздік ережесін сақта. бірақ</p> <p>Александр жасынан теңізді сүйді қарақшылар кемесінде матрос болып жұмыс істеді. және</p> <p>Көктемгі су тасқыны кезінде көп жерлер суға кетті, құтқарушылар уақытында көмекке келді. және</p> <p>Александр Силькирк жастайынан теңізді сүйді кемеде матрос болды. бірақ</p> <p>Жазда барлығы суға шомылады,қауіпсіздік ережесін сақтай бермейді. және</p>	<p>Әуен ҚБ презентация Қима қағаздар үлестірмелер Сергіту жаттығуы Теңіз толқиды «1» , Теңіз толқиды «2», Теңіз толқиды «3», Біз жинаймыз күш. Постер ҚБ ҚБ Сюжетті суреттер ҚБ Қима қағаздар</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (6 минут)	<p>Т. « 5 – 5 – 1 » стратегиясы</p> <p>Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемдерін 5 сөзге қысқартады. Соңында олар бес сөзді 1 сөзге қысқартады. Сол түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі.</p> <p>Лондон дүкендерінде 1719 жылы «Робинзон Крузо» романы сатыла бастады. Роман өте қызықты болған соң, тез сатылып кетті.</p> <p>Басты кейіпкерінің прототипі - Александр Силькирк.</p> <p>Александр – шотландық моряк болған.</p> <p>Робинзон - шыдамды, еңбекқор, тапқыр адам.</p> <p>Роман, қызықты, Александр, моряк, еңбекқор.</p> <p>Еңбекқор.</p> <p>Үйге тапсырма: Кейіпкерге хат жазу</p>	
Рефлексия (4 минут)	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>бағалау № дескриптор балл</p> <ul style="list-style-type: none"> • <p>Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді. 1 Әуенді тыңдай отырып сөздер мен сөз тіркестерін жазу</p> <p>1 Мәтінмен жұмыс</p> <p>2 Сұрақ - жауап</p> <p>1 Органайзерлер бойынша берілген ақпараттарды сипаттап әңгімелейді.</p> <p>2 Топтастыру жұмысы, сипаттау</p> <p>2 Сөздер мен сөз тіркестерін айтады, сөйлемдер құрастырады</p> <p>3 Сөйлемдерді толықтырып жазады.</p> <p style="text-align: right;">2 8</p>	қима қағаздары